

М. Қабай, 1-курс
Ғылыми жетекшісі: М. К. Смағұлов, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

ҚАЗАҚ АТА ЗАҢЫ

Өзіңді-өзің тану тәрізді, тарихты танып-білу де — қазіргі даму процесіне аса қажет әрекет. Ол — болмай қоймайтын жоғалтулар мұның тереңірек сезінуге мүмкіндік береді, сонымен бірге прогреске кең жол ашады деп сөзімді Олжас Сүлейменовтің сөзімен бастағым келім отыр.

Қазақтың дәстүрлі құқығы өте құнды рухани мұра. Дала заңдары жүздеген жылдар бойы қалыптасып, жетілдіріліп, дамытылып отырған. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» бүгінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен сабақтасып жатқандай.

Тәуке ханның билік құрған заманы және «Жеті Жарғының» қабылдануы — қазақ құқығы тарихының маңызды сәті болып табылады. Бұл кезең туралы халық: «Біздің халықта тыныш өмір сүрген заман болған, бізде тәртіп, заңдар және әділ сот болған заман болды», — дейді¹.

Тұңғыш қазақ мемлекетінің тарих сахнасында пайда болғаннан кейін екі ғасыр өткен соң әдет-ғұрып құқығының бірінші жинағы және конституциялық құжат ретінде — «Жеті жарғы» қабылданды.

«Жеті жарғының» әрбір бабы сол кездегі заман талаптарына сай, соған жауап беретіндей дәрежеде жасалған. Ол қазақ елінің ұлттық бірлігін нығайтып, рулар арасындағы алауыздықты тежеуге көп үлес қосты.

Тәуке хан билік құрып тұрған кезінде қазақтардың әдеттегі құқық нормаларын бір жүйеге келтіріп, толықтырады. Тұжырымдалған заңдар «Жеті жарғы» деген атпен мәлім, мұның өзі сөзбе-сөз алғанда «жеті ереже» деген сөз. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары қамтылған. Менің алғашқы ұсынымым «Жеті Жарғыны» кодификация ретінде қарастыру. Себебі бұл өз алдына кодификацияланған бірнеше заң нормаларынан тұрады. Оның мазмұнын алатын болсақ:

1-жарғы. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігі талабынан туды).

2-жарғы. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі — елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі).

3-жарғы. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын (Бұл жарғыда жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірушілікке тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

4-жарғы. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасына бұйырылсын (Бұл жарғыда шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалықты талап еткен маңызы зор жаңалық).

5-жарғы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (Ол кезде «ер қанаты — ат» елдің, мемлекеттік соғыс күші ретіне бағаланады).

6-жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін: а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса қыздың қалың малын береді. ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

7-жарғы. Ұрланған жылқы өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін².

Міне осындай деректерге сүйене отыра, кодификацияланған құқық қазақ даласында сонау XVII ғасырдан қолданысқа енгенің байқай аламыз. «Жеті Жарғыны» толықтай кодификация деп айтуға болады деп сенемін.

Тәуелсіздікке жиырма үш жыл, бірақ жиырмаға келген адам өз құқығын білмейді. Шын мәнісінде өз құқығының тарихын білмейді. Бұлай дейтін себеп егер жастардан, жалпы халықтан «Жеті жарғы дейтініміз не» — деп сұрау салатын болсақ бірегей беретін жауабы «Тауке ханның заңы» — деп айтады. Ал бірақ оның мазмұнын, мәнісін ұғынып, онымен шаруасы болып жатқан ешкім жоқ.

Осыларды ескере келе менің келесі ұсынымым Тауке ханның Жеті жарғысын оқу орындарында, яғни мектептерде өз алдына оқу пәні ретінде енгізу.

Бұндай тарихи тәрбие қоғамымызға оң ықпалын тигізеді. Жас ұрпақтың бойында тарихи сана қалыптастырады. Кез келген адам өзінің тарихын, атап айтқанда құқығының қалыптасу тарихын білу керек. Адам өз тарихын білмей, ұлт болып қалыптаса алмайды, ал тарихын білмеу надандық! Балаға ерте жастан бастап, тарихты оқытып, қазақтың қалай ел болғанын, ата заңының қайнар көздерін әрбір отбасы санасына сіңіріп отырса, жау ала алмайтын, тәртіпке бас иген мықты мемлекет боламыз!

Қазақтың дала заңдарын, «Жеті Жарғыны» зерттеу, олардың түпнұсқасын қарастыру, табу күрделі де маңызды іс. Бұл жөнінде ашылмаған сырлар әлі де көп. Даналар мұрасын болашаққа жеткізу бүгінгі жас ұрпақтың еншісінде деп ойлаймын.

¹ Қазақтың ата заңдары. — Алматы, 2005.

² Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы, 2010.